

**"Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 435 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 522 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 14695 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 166 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 24.05.2021 № 166 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 435 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11863 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын қадағалау жөнінде тексеріс нәтижелері туралы актінің нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарында, және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
міндетін атқарушы

Б. Жақсалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 10 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 8 желтоқсандағы  
№ 522 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 26 маусымдағы  
№ 435 бұйрығына  
4 қосымша

**Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау жөніндегі тексерістің нәтижелері туралы акті**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" сағат "\_\_\_" минут жасалған орны

\_\_\_\_\_ бақылау органының атауы

---

---

тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты  
(егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ тексеру тағайындау туралы № \_\_\_\_ актінің  
негізінде, \_\_\_\_\_

қатысуымен

тексеру жүргізу кезінде болған жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы

---

---

тексеру жүргізілген орын

---

---

тексерілетін субъектінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке  
басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) тексеру жүргіздім.

Экологиялық заңнаманың сақталуын тексеру барысында мынадай  
бұзушылықтар анықталды:

№	Бұзушылықтың сипаттамасы	Табиғатты қорғау заңнамасының нормалары

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің  
152-бабы 4 тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының  
заңнамасында

өзгеше белгіленбесе, тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар  
бойынша

қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда,  
қарсылықтар

болмаған кезде тексерілетін субъект тексеруді жүргізген мемлекеттік  
органның

басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, анықталған  
бұзушылықтарды

жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы ақпаратты үш жұмыс күнінен  
кешіктірмей

ұсынуға құқылы.

---

---

тексеру парағының атауы және бұзушылық анықталған талаптардың тармақтары

\_\_\_\_\_ тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы

Тексеру нәтижелері туралы актімен таныстым, акт бойынша ескертулер мен қарсылықтар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

тексерілетін субъект өкілінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартуы Қосымшаларының көшірмелерімен бірге актінің бір данасын алдым \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_

тексерілетін субъекті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)